«№3 Хромтау орта мектебі » Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту бойынша педагогтермен жиналыс хаттамасы № 2

Өткізілу күні: 17.05.2022 ж
Уақыты: 15.00.
Өткізілу түрі: офлайн
№3 Хромтау орта мектебі

Қатысқандар саны – 72 адам. (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 1.№3 Хромтау орта мектебінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалуын қамтамасыз ету туралы.

Ш.Т.Отаров – мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ш.Т.Отаров – мектеп директоры

Мектеп директоры Ш.Т.Отаров №3 Хромтау орта мектебінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалуы және 2022 жылғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде хабарлама жасады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» 2 бөлімі 9 тармағы негізінде бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру «Е Актобе», «mektep.akt.kz» электрондық форматта ("электрондық үкімет" веб-порталы) арқылы және қағаз түрінде екі тәсілмен жүзеге асырылады. 2021-2022 оқу жылында «№3 Хромтау орта мектебі» КММ-нің бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау 2021 жылдың 01 сәуірінен 30 тамыз аралығында дейін мемлекеттік қызмет көрсету арқылы жүргізілді.

Оқуға қабылдау кезінде ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағынан көрсетілетін қызметті алушыларға өтініш берген бірінші үш бала, содан соң - ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап бірінші болып тіркелгендердің ішінен білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағынан тыс 1 (бір) үміткердің оқуға қабылдануы керек екенін ескеруіміз керек. Бірінші сыныпқа қабылдауда білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша сынып жасақтауға рұқсат етілмейді. «№3 Хромтау орта мектебі» КММ-нің бірінші сыныбына «Е Актобе», «mektep.akt.kz» электрондық форматта құжаттарды қабылдауға іс-қағаз жүргізуші Аккереева С жауапты болып бекітіледі. Жиналыста мемлекеттік қызмет көрсетудің 7 бағыттар бойынша да ақпараттар берілді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1.Казиева Н.С - директордың орынбасары.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым

саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығы.

Ұлттық біліктілік тестілеудің оң нәтижесі болған жағдайда педагогтің өтініші негізінде (қолданыстағы санат мерзімі өткенге дейін) одан әрі аттестаттау рәсімі: педагогтер үшін – "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес біліктілік санатын беру (растау), білім беру ұйымдарының басшылары үшін - осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес жүргізіледі.

Аттестаттау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

Педагог облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі - ЖАО) немесе білім беру ұйымдарына не "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы;

республикалық білім беру ұйымдарының педагогі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына не Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш ұсына алады.

Мектептегі педагог қызметкерлерді осы қызметті алу үшін тапсыратын 11 қажетті құжаттар тізбесімен таныстырып, педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Жиналыста шешім қабылданды:

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген жауапты тұлғалардың заңдылықтарды сақтауы қатаң бақылансын.

Жиналыс төрағасы: Ш.Т.Отаров

Хатшы: С.С.Бітімбай